

20.07.2021 № Y00022



### Заттардың қасиеті өзгере ме?

**ТАТЕБАЕВА ГАЛИЯ ТУЛЕГЕНОВНА**


Түркістан облысы, Кентау қаласы

№ 14 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты-жөні:					
Пән/сынып		Жаратылыстану, 4 сынып			
Қай аптаның нешінші сабағы күні: 04.12.20		6 сабақ			
Тарау немесе бөлім атауы:		Заттар және олардың қасиеттері. Ауа мен су.			
Сабақтың тақырыбы:		Заттардың қасиеті өзгере ме?			
Оқу мақсаты:		4.2.3.3.Заттарды қайда қолданылатынын түсіндіру; 4.2.3.3. Заттардың қалай өзгеретінін, оған не әсер ететінін ажырату;			
Бағалау критеріі:		-заттардың қасиеттері мен оларды қолдануды түсінеді; -заттардың қалай өзгеретінін, оған не әсер ететінін ажыратады;			
<b>Саралап оқыту тапсырмалары</b>					
Ұжымдық жұмыс. Жаңа тақырыптың түсіндірілуі.		Бірлескен жұмыс. Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету.		Жеке жұмыс. Тапсырманы ұсыну, оқушылардың өз бетімен орындауы.	
Кезеңдері	Тапсырма	Тапсырманың мақсаты	Мұғалімнің бақылауы мен зерттеуі не?	Бағалау	Ресурстар

<p><b>Сабақтың басы</b></p>	<p>Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі сабақта. Заттардың қасиеті өзгерме? сол жайында білетін боласың. Сенің білетінің:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Заттардың қандай түрлері болатынын;</li> <li>Сенің меңгеретінің:</li> <li>➤ Заттардың қалай өзгеретінін, оған не әсер ететінін;</li> <li>Күтілетін нәтиже:</li> <li>➤ Заттардың қандай түрлері болатынын;</li> <li>➤ Заттардың қасиеттерін еске түсіру;</li> <li>➤ Заттардың қасиетіне қарай қалай қолдану керектігін?</li> </ul>	<p>Жаңа тақырыпты тәжірибе жасау арқылы меңгеру</p>		<p>Басбармақпен</p> <p>Өзін-өзі бағалау</p> <p>Ауызша қолпаштау</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату</p>	<p>Презентация Слайд 1</p>  <p>Слайд 2</p>  <p>Слайд 3</p> <p>Слайд 4</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p>Табиғаттағы заттар таза және қоспа деп бөлінеді. Мына стакандағы судың шын</p>	<p>Жасаған тәжірибелерінен қорытынды шығарды</p>			

	<p>мәнінде таза емес, оның құрамында түрлі тұздар болады екен. Жаңа сабақ «Әжеміз қонақта» айдарында Жент дастарханға қалай келеді? Видео таныстырылым</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• <b>Топ</b></li></ul>  <p><u>2-топ</u> <u>Пиктограмман</u> <u>Ы ОҚЫ:</u></p>  <p>Негеш әжесі дайындаған тосаптың жасалу жолын пиктограммалармен көрсетті. Пиктограммаға қарап, құлпынай тосабын дайындау үдерісін айтып бер.</p>				
--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--

	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Тосап дайындау үдерісіне қандай заттар пайдаланылды?</li> <li>➤ Үдеріс барысында заттар өзгерді ме? Қандай заттар өзгерді?</li> <li>➤ Тосап жасау үдерісін қалай атауға болады? Ол немен байланысты?</li> <li>➤ Нәтижесінде қандай зат алынды?</li> <li>➤ Үдеріс басындағы зат пен соңында алынған затты салыстыр. Олар туралы не айтуға болады?</li> </ul>				
	<p><b>Нәтиже:</b> Заттар түрлі үдеріс кезінде басқа заттарға айналады. Ол үшін заттарды араластырады, қыздырады, ерітеді. Кейбір заттар араласқан қоспаның құрамында болса да,</p>	<p>Кейбір заттардың басқа заттармен әрекеттесіп, өз қасиеттерін өзгертетін ұғынады</p>	<p>Картоптан крахмалды</p>	<p>Критериялды бағалау арқылы өз-өздерін бағалайды</p>	

	<p>қасиеттерін жоғалтпайды. Ал кейбір заттар басқа заттармен әрекеттесіп, өз қасиеттерін жоғалтады немесе өзгертеді. Олар бастапқы қалпына келе алмайды. Адамдар заттарды қосу, араластыру арқылы заттың қасиетін жақсар туды, құрамын өзгертіп басқа заттар жасауды үйренді.</p> <p>Зертте</p>  <p><u>Дескрипторы:</u></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. заттардың қайда қолданылатынын білу;</li><li>2. - заттардың қалай өзгеретінін, оған не әсер ететінін түсіну.</li></ol>		<p>қалай алуға болады? Мұғалімнің тәжірибесі жасау арқылы түсіндірі</p>		
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	-------------------------------------------------------------------------	--	--

	<p>3-топ Тапсырма : Сүттен не жасалады? Зертеп талдау (59 б)</p> <p><b>Сүттен не жасалады?</b> Сүттен не әзірлейтін білесің бе? Негізінен Әзірме сабақсан оқы. Қай кезеңде сүттің қасиеті өзгереді? Қай кезеңдерде жаңа зат пайда болады?</p> <p>Күрт озың алғашқы қалты - сүтке қайтып келе ала ма? Май мен ірімшік ше?</p> <p><b><u>Дескрипторы:</u></b> Сүттен не жасауға болатынын білу; -сүттің қалай өзгертетінін, оған не әсер ететінін түсіну.</p>				<p>Слайд 6</p>
	<p>Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе, өз өздеріңді бағалаңыздар. Рефлексия «Телеграмм» же лісінде кері байланыс</p>				

22.07.2021 № Y00032

## Жыл басы – Наурыз!

**АЛИШЕВА АЙГУЛСЫН ОЛЖАБАЕВНА**

*Ақтөбе облысы. Темір ауданы. Шұбарқұдық кенті.  
МКҚК «Балақай» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

### **Жүргізуші:**

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,  
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем  
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана  
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!  
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

**Жүргізуші:** Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымыз «Қош келдің, төрлет Наурызым» әнімен ашқымыз келіп отыр.

**Ән:** «Наурыз» **Жүргізуші:** - Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз? Балалар:- Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

**Жүргізуші:** - Балалар бізге Наурыз мерекесімен құттықтауға әже келіп қалыпты.

Әже: Мерекелеріңіз мерекеге ұлассын.

**Жүргізуші:** Әже, қош келдіңіз, төрлетіңіз. Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

### **Харун:**

Наурыз-бұл мереке  
Құтты болын береке  
Қыдыр ата келсін  
Жақсы тілек әкелсін.

### **Көркемай:**

Той думанға келіңіз  
Тамашалап көріңіз  
Ән айтайық бәріміз  
Қол соғайық бәріміз.

**Айбибі:**

Жыл басы –Наурыз мереке

Ақ нұрға әлем боянды

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды

**Бекнұр:**

Жылдың басы Наурыз

Жердің басы Наурыз

Мерекеге арналсын

Бүгінгі ән жырымыз

**Нұрсұлтан:**

Наурыз тойым,Наурыз тойым.

Құтты болсын халайық!

Қане достар,қане,достар

Шырқап әнге салайық

**Мариям:**

Наурыз келді,нұр келді,

Түгел аймақ түрленді.

Бақшадағы апайлар

Тойға әзер үлгерді.

**Айлин:**

Наурыз келді сән құрып

Жасарып жаңғырып

Құлпырды жер мен көк

Мейірім таң күліп

**Досжан:**

Наурыз тойы- тамаша,

Наурыз –тойы жаңаша

Табиғат тамаша,

Тамылжып тұр жараса

**Мейіржан:**

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Байлық,бақыт тілеймін,

Бүкіл қазақ еліне.

**Жүргізуші:** Құлыншақ ортаңғы тобының мың бұралып билейтін сұлу қыздарын «Сылдырмақ» биімен ортаға шақырайық.

**Би:** «Сылдырмақ»



**Жүргізуші:** Әже, Осы біздің қазақ халқының салт –дәстүрлері өте көп. Оны біздер жақсы білеміз,салт-дәстүрді бойымызға сіңіріп өсіп келе жатқанымыз рас. Ендеше әже қазақтың бір салт –дәстүрінен біздің балаларымызға дәріптеп көрсетіп жіберсеңіз.

**Әже: «Бесікке салу»**

**Жүргізуші:**

Қасиет еткен халқымыз,

Жаңғыртар дәстүр салтымыз

Сән салтымен ел көрікті

Салт дәстүрді сыйлау үлкен міндет. Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық.

**Жүргізуші:**

Мына біздің жігіттер

Бере тұғын үміттер

Қазақ халқын қорғайтын

Қамшы алып шабатын

**Би: «Қара жорға»**

**Жүргізуші:**

**Қазақтың ұлттық ойыны : «Арқан тартыс»**

**Жүргізуші:**

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй!

**Ән: «Әжемнің шай**

**Қорытынды:**

Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,

Тербетсін шаттық әні қазақ жерін

Той бастаған қадамын құтты болсын,

Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын

Қош болыңыз, Наурызым ардақты

Халқым саған бар үмітін жалғапты!

Жылда осылай келе берсін жарасып!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз береке – бірлік әкелсін!

**Наурызымыз құтты болсын, келесі Наурызға дейін баршамыз аман-есен болайық. Сау болыңыздар!**

№ Y00030 21.07.2021ж.

**Тақырыбы: «ҮЙШІК» (ертегі)**

**ОРАЛТАЕВА СВЕТЛАНА КОЙШЫБАЕВНА**

Ақтөбе қаласы № 33 «Нұрсәт» балабақшасы тәрбиеші

**Мақсаты:** Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беруге үйрету.

А)**Білімділік:** Пропп карта туралы білім беру, ертегі туралы білген білімдерін бекіту;

Ә)**Дамытушылық:** балалардың еске түсіру, қиялын, тілдік қатынастарын жетілдіру, сахналап, әңгімелеп беруге дағдыландыру.

Б)**Тәрбиелеу:** балалардың адамгершілік сезімдерін ояту.



**Әдіс-тәсілдер:** сұрақ- жауап, әңгімелеп беру, мәнерлеп оқу, көрсету, талдау, пропп картамен жұмыс жасау, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, алты қалпақ, Мурашковский әдісі.

**Билинг- компонент:** аю- bear, тышқан- mouse, қоян –rabbit,

**Сөздік жұмыс:** Жауап қатпады –ешкім жауап қайтармады.

**Пайдаланатын құралдар:** Пропп карталар, ертегі мазмұнына сәйкес салынған суреттер, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий карталары, дүрбі, магнитофон, 3D көзілдірігі т.б.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбер: «Сиқырлату»                      М: Понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсете білуге үйрету.                      Дид. ойын: «Аңдардың тіршілігін ажырат»                      (Кольцеулий әдісі арқылы)</p> 	<p>Балалар понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсетеді.</p> <p>Кольцелулий әдісі арқылы аңдардың тіршілігін ажыратады.</p> <p>(Білгендерін айтады)</p>

	<p>М: берілген аңдардың атын атап, қажетті суретпен сәйкестіруге , өзгергенін ажырата алуға үйрету.</p> <p>-Ертегілерде аңдар кездесе ме? -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Олай болса мен сендерді Ертегілер еліне апарып, театрда «Үйшік» ертегісімен танысамыз.</p>  <p>Алдын-ала мен билет алып қойдым, барып Сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барайық.</p>	<p>Берілген аңдарды атап, қажетті суретті тауып, сәйкестіреді.</p> <p>-Иә, кездеседі.</p> <p>-«Аю мен Маша», «Түлкі мен қоян», «Үш аю», «Бауырсақ» т.б.</p> <p>Балалар сиқырлы кілемшеге отырып, Ертегілер еліне әуен арқылы ұшып барады.</p> <p>«Үйшік» ертегісімен танысады.</p> <p>Балалар билеттерін алып, сәйкес суретке барып отырап, көзілдіріктерін киеді.</p>
<p>Ұйымдастыру-ізвестіру</p>	<p>Ертегіні театрға барып, 3D көзілдірігін киіп, ертегімен танысады.</p>  <p>Мурашковский әдісі арқылы ертегімен таныстыру.</p>	<p>Балалар театр орталығына барады. Ертегімен танысады.</p> <p>Мурашковский әдісі арқылы ертегімен</p>




Алаңда бір үйшік тұр екен. Жертесер тышқан жүгіріп келіп.....

Жаңа сөзбен таныстыру: «Жауап қатпады»


- Үйшікте не байқап қалды?
- Одан кейін нелер келді?
- Соңында үйшікпен не болды?

Сергіту сәті:

Етістікті тірек- сызба арқылы қимылдар жасайды.



Балармен қайтадан топқа оралып, ертегіні Пропп картаға салып әңгімелеу.



танысады.

Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады.

Ертегінің мазмұнын тыңдап отырады.

Жаңа сөзбен танысады.

- Қоян кездесті.
- Түлкі, тышқан, аю...
- Жаңадан үй салды.

Етістікті тірек-сызбалар арқылы жаттығу жасайды. Карточкаларды көрсетіп, ертегіге салынған белгілерді ажыратады.

Ертегіні Пропп карта арқылы тамашалайды. Ортаға екі бала шығып ертегіні әңгімелеп береді.

Рефлексивті- түзетушілік	6 қалпақ арқылы қорытындылау: -Көңіл күйін қандай? -Қандай әрекет жасадың? -Шығармашылық -Қандай жаңалық алдың? -Пропп картаме не істедік? Бағалау: «Смайликтер» арқылы мадақтау.	Балалардың жауаптары: -Көңіл күйім жақсы. -Театрға барды, ертегі тындадым. -Ертегіні әңгімелету. -Жаңа сөзбен таныстым: Жауап қатпады. -Пропп карта арқылы ертегімен таныстық.
-----------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Күгілетін нәтиже:**

**Не білді?** Пропп карта туралы түсінік алды;

**Не меңгерді?**Ертегіні әр түрлі тәсілдер арқылы әңгімелеп береді;

**Не игеру керек?** Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беріп, сахналай алады.

№ Y00024 21.07.2021ж.

## «ДӨҢГЕЛЕК КҮН»

**АЙМАГАНБЕТОВА НУРБИБИ КУРМАНГАЗИЕВНА**

*Нұр-Сұлтан қаласы № 72 «Жанарым» балабақшасының тәрбиешісі*

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Бөлімі:** Сенсорика.

**Мақсаты:** балаларға таныс геометриялық фигуралар (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) туралы білімді бекіту; тапсырыспен сөздік мағынасы бойынша, заттар түсіне бағыттала заттарды іріктеп таңдауды үйрету;

**Дамытушылығы:** балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сақтауды көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту;

**Тәрбиелігі:** балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп талпынушылық пен білуге деген құмарлыққа тәрбиелеу;

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Балаларға күн туралы өлең оқу.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

**Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар:** құрсау геометриялық фигураларға ұқсас заттардың суретті; геометриялық фигуралар (шеңбер, үшбұрыш, шаршы) бейнеленген карточкалар; геометриялық фигуралар салынған қапшық.

**Билингвалдық компоненті:** дөңгелек-круг.

**Мотивациялық қозғаушы**

**Ойындық жағдаят.**

Педагог балалардың дөңгелек сызық бойына тұруын сұрайды.-

Балалар, қараңдаршы, біздің дөңгелек қандай үлкен. Ол күнге ұқсай ма? -

Кәнеки, біздің күнімізге сәулелер жасайық. Оң қолдарыңмен құрсауды ұстандар, ал сол қолдарыңды сыртқа қарай созыңдар. Міне, біз сәулелер сияқтымыз! Балаларға әткеншек ойнау ұсынылады.

-Күн, құрсау қандай пішінге ұқсайды?

**Билингвальды компонент:** дөңгелек-круг.

Балалар дөңгелек сызық бойына тұрады.

-Иә күнге ұқсайды.

Педагогтің айтқанын орындайды.

-Дөңгелекке.

Қайталайды: дөңгелек-круг.

### **Іздену-ұйымдас тырушы**

Үстелде геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың суреттері қойылған.

Балалардан сұрайды: Заттар қандай пішіндерге ұқсайды? Әр балаға кез келген затты таңдап және сәйкес белгісіне қарай (пішіні бойынша) үстелге қоюды ұсынады. Балалардан заттардың түсі мен өлшемін анықтап сұрайды. Заттың пішінін саусақпен жүргізіп шығуларын ұсынады. Балалардың заттарды дұрыс орналастырғанын тексереді.

Жеке жұмыс жүргізеді.

#### **Сергіту сәті.**

Келе жатты үйлеріне үш аю,

Ең үлкені іштерінде әке-аю.

Сәл аласа бойыменен ана-аю.

Ал ұлдары болды ғой тым кішкентай,

Жүрген еді, сылдырмақты тастамай.

### **Рефлексивтік- түзетуші**

«Қапшықтан алып шық» ойын.

Үстел үстіне бір фигураны қояды. Балалардың біреуі шығып, қапшықтың ішінен дәл сондай фигураны табуларын сұрайды.

-Бүгін біз геометриялық пішіндегі ажыратуды үрендік, олардың неге ұқсайтынын білдік. Сонымен қоса, олардың әртүрлі түстер мен өлшемнен болатынын білдік. Жарайсыңдар!

#### **Күтілетін нәтиже:**

**біледі:** геометрия пішіндерге ұқсас заттардың атауын; пішіндер атауын (шеңбер, шаршы үшбұрыш);

**игерді:** пішіндердің түсі және пішіні бойынша салыстыру дағдысын;

**меңгереді:** көрсетілім мен сөздік сипаттамаға бағыттар отырып, заттарды жинақтауды.

№ Y00026 21.07.2021ж.

## «АТА–АНА, БАЛА, БАЛАБАҚША»

### ДЖУМАХОДЖАЕВА КУЛЖАМИЛА ТУРСЫНОВНА

Алматы облысы Жамбыл ауданы Б. Қыдырбек ауылы

«Жазира» бөбекжайы тәрбиеші

**«Адамның адамшылығы ақылы, ғылымы, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі»**

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғаның қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын



рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті

қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмаса.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

№ Y00029 21.07.2021ж.

**«НАН ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ» ертегісі**

**ДЖАНДЫБАЕВА АЙЖАН ШОПАНОВНА**

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Б. Қыдырбек ауылы  
«Жазира» бөбекжайы тәрбиеші

**Тақырыбы:** " Білім беру саласы: Коммуникация.

**Бөлімі .** Драма.

**Мақсаты:** Нанның қадірлеуге,дәнді егуден бастап,нан болғанға дейінгі еңбек түрлерімен таныстыру,сөздік қорларын молайту, ,шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Көрнекілігі:** Слайд, ертегі атрибуттары,нан өнімдері,

**Билингвалды компонент:** Егістік-поля, нан-хлеб, тышқан-мышь

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	Шаттық шеңбері: Дән тамыры әріде Дәннен өсер бәріде Нан өмір -нәріміз Қастерлейміз бәріміз Қане енді балалар бір-біріміздің қолымыздан ұстайықшы.Не сезіндіңдер? Достықты,жылулықты,мейірімділікті. Қане балалар орнымызға жайғасайық.	Шаттық шеңберін іс қимылмен жасайды.
<b>Іздестіру ұйымдастыру</b>	Балалар біздің Елбасымыз кім? Балалабақшамыздың аты қалай аталады ? Тобымыздың аты қалай аталады? Балалар бір жылда неше мезгіл бар? Қане атайықшы. Қазір жылдың қай мезгілі? Слайд арқылы балаларға бидай дәнінен нанның қалай жасалатынын түсіндіру. Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер,мен сендерге жұмбақ жасырамын.Сендер ертегінің атын	Н.Ә.Назарбаев "Аялы алақан" балабақшасы. "Балдырған"тобы Төрт мезгіл бар Қыс,көктем,жаз күз. Қыс мезгілі

	<p>табуларың керек.</p> <p>1.Үйін жинап ертемен Мейіз тауып алыпты Мысығына келмеген Ол өкпелеп қалыпты</p> <p>2.Атадан да қаштым Әжеден де қаштым Қояннан құтылдым, Қасқырдан да құтылдым</p> <p>3.Тышқан келді дүкенге Күзет кірді бірді демде Қызығып кетті бөлкеге Қайдан келдің сөреге</p> <p>Бұл қай ертегі ? Жарайсыңдар балалар жақсы шештіңдер.Ендеше балалар мен сендерге "Нан қайдан шығады" ертегісін айтып беремін. Қуыршақ театр арқылы әңгімелеу. Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Ертегі не жайында айтылған екен? Балалар бізге бүгін қонақ апайлар келіпті қане оларға ертегіні рөлдерге еніп ойнап берейікші. Жарайсыңдар балалар.Ал енді білімімізді жетілдіру үшін орталық- тарға бөлінеміз. Үш орталыққа бөлінеміз. Балалар түсті фишкалар арқылы орталықтарға бөлінеді.</p> <p><b>1.Әдебиет орталығы:</b> Нанның дастарханға қалай келеті- нін әңгімелеу,тақпақтар айту. Мақсаты: Баланың тілін, ойлау қабілетімен байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> <p><b>2.Өнер орталығы:Суретпен жұмыс.</b> Нан өнімдерінің суретін бояу. Мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту, түстерді ажырату</p>	<p>"Мақта қыз бен мысық" ертегісі</p> <p>"Бауырсақ"ерт егісі</p> <p>"Нан қайдан шығады" ертегісі</p> <p>Ертегіні қызыға тыңдайды.</p> <p>Рөлдерге еніп ертегіні ойнап береді.</p> <p>Орталықтарға бөлініп жұмыс жасайды.</p> <p>Орталықтарда қандай жұмыс жасағандарын айтады.</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p><b>Рефлексиялық түзету</b></p>	<p><b>ЗҚұм мен су орталығы.Әртүрлі</b>                  пішіндерден нан өнімдерін жасау.                  Мақсаты: Сезім қабілеттерін дамыту.                  көлемдік өлшеу түсініктерін қалыптастыру.                  Балаларды сылдырмақ арқылы жинап алу.Балалардан қай орталыққа барып,қандай жұмыс жасағанын сұрау.  <b>Сергіту сәті:</b>                  Жайқалады ақ бидай,                  Басын иген аққудай                  Трактор мен комбайн                  Жүргізуге мен дайын                  Тіл жаттығуы.                  Ін-ін-ін                  Жерге шықты егін.                  Ән-ән-ән                  Ұсақ,сары дән                  Ай-ай-ай                  Өсті алтын бидай                  Ан-ан-ан                  Міне ыстық нан                  Сонымен балалар нан біздің дастарханымызға қалай келеді екен?                  Жарайсыңдар балалар!                  "Ас -атасы нан,нан атасы-дән сол дәннен бастап нан болғанға дейін қаншама адамдар маңдай терін төгеді.Ендеше сол еңбекпен келген нанды қастарлеуіміз керек.                  Балаларды,мақтау, мадақтау.                  Балалар келген қонақтармен қоштасайық.Сау болыңыздар!</p>	<p>Іс қимылмен сергіту жаттығуын жасайды.</p> <p>Тіл жаттығуларын жасайды.</p> <p>Нан біздің дастарханға үлкен еңбекпен келеді.</p> <p>Сау болыңыздар!</p>
-----------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі мазмұнын,нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын.

**Меңгереді:** Нанды қастерлеу керектігін, көрнекі құралдарды пайдалана отырып, тақырыпты меңгеру:

## **ХОРЕОГРАФИЯ КАК СРЕДСТВО ЭСТЕТИЧЕСКОГО И КУЛЬТОРНОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ.**

**НАЗАРОВА ТАТЬЯНА ВИКТОРОВНА**  
*город Тараз Детский сад "Асем ай" Хореограф*

Эстетическое развитие ребенка позволяет осуществить целенаправленное формирование ещё с детства его эстетического восприятия действительности, в том числе: развитие способности художественного видения мира, приобщение к миру прекрасного, развитие творческих способностей. Хореография, являясь универсальным средством развития внутреннего мира ребёнка является наиболее востребованным в системе дополнительного образования и занимает одно из приоритетных направлений, так как в искусстве хореографии заложены многие формы развития личности (физического, нравственного и т.д.).

Занятия хореографией чрезвычайно полезны для ребенка, направлены на укрепление здоровья учащихся, на исправление физических недостатков, таких как: сколиоз, плоскостопие, слабый мышечный тонус и т.д., способствуют формированию общей культуры детей, навыков координации и коллективного общения, развитию мышечного и опорно-двигательного аппарата, образного мышления, чувства ритма, музыкального слуха, памяти, внимания, фантазии, воспитанию трудолюбия, дисциплинированности, обязательности, аккуратности.

На занятиях по хореографии постоянно идет физическая нагрузка на организм ребенка, поэтому в работе с детьми я использую здоровьесберегающие технологии, чтобы осуществлять профилактику здоровья и приобщать к здоровому образу жизни.

Важную роль я отвожу музыкальному оформлению урока. Музыка, являясь импульсом к движению, дает эмоциональный заряд, помогает повысить работоспособность, вырабатывает характер, четкость и законченность исполнения, то есть несет воспитательную функцию. Музыкальное сопровождение я подбираю под тип упражнений: если прыжки или шаг с подскоком, то музыка быстрая, веселая, а если упражнения на формирование танцевального шага и растяжку, то спокойная. Во время занятий идет чередование больших нагрузок с более спокойными упражнениями. Для того чтобы дети не сильно уставали, я практикую включение игровых моментов в учебную программу.

В первый год обучения хореографии, когда у ребенка еще слабо развиты мышцы и связочный аппарат, упражнения основной части занятия мы исполняем лежа и сидя на полу.

В дальнейшем чередуем исходное положение с другими упражнениям: лежа на полу, сидя на полу, стоя лицом к станку, стоя на середине класса и др.

В процессе обучения я знакоблю детей со строением тела и некоторыми анатомическими терминами. Особое внимание на уроке уделяется воспитанию осознанного исполнения учащимися движений. Они должны знать и понимать, что и зачем делают, почему нужно делать так, а не иначе. Сознательное исполнение ускорит выработку мышечных ощущений (напряжение, расслабление), а также закрепит теоретическое понимание и практическое умение, что положительным образом скажется на качестве исполнения изучаемого материала.

Занятие по хореографии делится на три части: подготовительную (разминка), основную и заключительную части. Каждое занятие начинается и заканчивается поклоном.

Рассмотрим урок хореографии у детей подготовительного класса.

Занятие строится следующим образом: разминка (бытовой и танцевальный шаг, шаги на пятках и на полупальцах, шаги с подъемом ноги на месте и в продвижении, шаг с подскоком, бег с отбрасыванием назад ног, движения для головы, наклоны корпуса и др. на середине класса).

Основная часть урока: партерный экзерсис (упражнения для стоп «утюжок» по VI и I позиции, круговые движения стопами, упражнения на выворотность

«лягушка» сидя, лежа на спине, лежа на животе, с наклоном вперед, для гибкости вперед упражнение «складочка» по VI и I позиции, для гибкости назад упражнение «змейка», «колечко», «корзиночка», «мостик», силовые упражнения для мышц живота «уголок», «березка», силовые упражнения для мышц спины «самолет», «лодочка», упражнения для растяжки и формирования танцевального шага – лежа на полу, *battements releve lent* и *grand battement jete*, полушпагаты и шпагаты и др.); музыкально-ритмические упражнения (марш по кругу, построения в колонну по одному и по два человека, галоп в парах с притопом, с хлопком, шаг польки, прыжки по VI позиции и «поджатые» и др.).

Использование предметов способствует развитию двигательной моторики и координации, поэтому на занятиях я использую работу со скакалкой и обручем (вращение вперед вдвое сложенной скакалкой перед собой, закручивание и раскручивание скакалки, прыжки вперед и назад на двух ногах, на одной ноге, бег со скакалкой, вращая ее вперед и назад; хват обруча сверху, снизу, повороты обруча, перекаты обруча по полу и с партнёром, повороты обруча, прыжки в обруч и через него).

Заключительная часть урока включает в себя упражнения, снижающие нагрузку (медленное поднимание рук вперед, вверх, в сторону; в сторону – вверх с одновременным отведением ноги на носок, медленное кругобразное движение рук: вперед, вверх, в сторону, вниз, затем в обратном направлении с подъемом на полупальцы и опусканием в исходное положение) и танцевальную игру («Колокольчики», «Полька-приглашение», «Цыплята», «В гости к сказке», «Маленькая страна»).

Таким образом, занятия хореографией способствуют укреплению здоровья, снижению гиподинамии, формированию правильной осанки, развитию коммуникативных качеств, креативности, координации, выразительности, эстетического и художественного вкуса, раскрытию индивидуальности и приобретению свободы движения, воспитывают силу воли, чувства такта, благородства, уважения друг к другу.



## МАЗМҰНЫ

- *ТАТЕБАЕВА ГАЛИЯ ТУЛЕГЕНОВНА*
- *АЛИШЕВА АЙГУЛСЫН ОЛЖАБАЕВНА*
- *ОРАЛТАЕВА СВЕТЛАНА КОЙШЫБАЕВНА*
- *АЙМАГАНБЕТОВА НУРБИБИ КУРМАНГАЗИЕВНА*
- *ДЖУМАХОДЖАЕВА КУЛЖАМИЛА ТУРСЫНОВНА*
- *ДЖАНДЫБАЕВА АЙЖАН ШОПАНОВНА*
- *НАЗАРОВА ТАТЬЯНА ВИКТОРОВНА*